

«Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Жұмысшы мамандықтар жылын откізу бойынша атқарылған жұмыстардың II жарты жылдық есебі

Кіріспе

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында мектепте бірқатар іс-шаралар үйымдастырылды. Бұл іс-шаралардың басты мақсаты – оқушыларға кәсіптік бағдар беру, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын түсіндіру және оларды еңбек нарығына бейімдеу.

Атқарылған жұмыстар

1. Әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмыстар

Мектептің ресми әлеуметтік желілерінде кәсіптік бағдар беру бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда:

- Жұмысшы мамандықтарының артықшылықтары туралы ақпараттық посттар жарияланды.
- Мамандық иелерімен сұхбаттар, видеолар, суреттермен бөлісілді.
- Оқушылар мен ата-аналарға кәсіптік білім беру туралы мағлұматтар ұсынылды



.Ақмола Облысы Атбасар Қаласы | Бұгін
мектебіміздің Тилеген Алтынай жетекшілік ететін 2” А” сыныбында
Мамандық таңдау жобасының жоспарына сай “Мамандықтың бәрі
жақсы”... | Instagram

2. Мектеп тұлектерінің қатысуымен әңгіме өткізу

Біздің мектепті аяқтаған тұлектер келіп, өздерінің таңдаған кәсіптік бағыттары туралы оқушылармен кездесу үйымдастырды. Олар:

- Жұмысшы мамандықтарын таңдау себептерімен бөлісті.
- Жұмыс орындарындағы тәжірибелерімен бөлісіп, еңбек нарығының талаптары туралы айтты.
- Оқушыларға сұрақ-жауап өткізіп, кеңестер берді.




<https://www.instagram.com/p/DEG81suosPQ/?igsh=a3R3YmV4MDducG5r>

3. Ата-аналар жиналысы

Оқу жылы аясында ата-аналармен кездесу үйимдастырылып, кәсіптік бағдар беру тақырыбы талқыланды. Жиналыста:

- Оқушылардың болашақ мамандық таңдаудындағы ата-ананың рөлі айтылды.
- Жұмысшы мамандықтарының еңбек нарығындағы маңыздылығы түсіндірілді.
- Кәсіптік білім беру мекемелеріне тұсу жолдары туралы ақпарат берілді.



<https://www.instagram.com/p/DGuf4tKIDye/?igsh=MTlkGFiYXJzNWM4dw%3D%3D>

4. Оқушылардан сауалнама алу

Мектеп психологы кәсіптік бағдар бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнама барысында:

- Оқушылардың мамандыққа деген қызығушылықтары анықталды.
- Олардың қабілеттеріне сәйкес мамандықтар ұсынылды.
- Болашақ мамандық таңдаудына байланысты ой-пікірлері талданды.

- 2025 жылғы 10 қаңтарда 5 және 6 сынып оқушылары “Ширак” наубайханасына кәсіби бағдар беру мақсатында экскурсияға барды. Бұл іс-шара балаларға наубайшы мамандығымен жақынырақ танысуға және нантоқаш өнімдерінің қалай дайындалатынын білуге мүмкіндік берді. Олар наубайхананың жұмыс процесі, құрал-жабдықтар және осы салада қажетті дағдылар туралы көптеген қызықты мәліметтер алды.



Ақмола Облысы Атбасар Қаласы | 2025 жылғы 10 қаңтарда 5 және 6 сынып оқушылары “Ширак” наубайханасына кәсіби бағдар беру мақсатында экскурсияға барды. Бұл іс-шара... | Instagram

-«Атбасар ауданы, Атбасар қаласы Аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК кәсіптік бағдар беру мақсатында 9, 10, 11 сынып оқушыларына арналған экскурсия үйымдастырылды. Бұл іс-шараның басты мақсаты – жас өрендерді мамандық таңдау жолында дұрыс бағыт-бағдар беру, олардың кәсіби болашағына үлес қосу. Колледж ұжымы оқушыларға оқу ордасының тарихы, мамандықтары, оқыту бағдарламалары және студенттерге ұсынылатын мүмкіндіктер туралы жан-жақты ақпарат берді. Оқушыларға колледждің оку кабинеттері мен өндірістік оқыту алаңдары көрсетіліп, олар мамандықтар бойынша практикалық дағдыларды қалай игеретіндерін көріп, қызығушылық танытты. Сонымен қатар, мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдау үшін оқушыларға кеңестер мен ақпараттар ұсынылды.



<https://www.instagram.com/p/DGyaDGIIIPi/?igsh=Mzh4YnA4bnR4cnRq>

-8”А”-9 “А” оқушылары Атбасар ауданының өрт сөндіру бөлімімен танысып, кәсіптік бағдар жасады.

Мақсаты:

Мектептегі кәсіптік бағдар-бұл оқушыға мамандық таңдауда көмек көрсету, олардың мамандықтың әлеуметтік-экономикалық, психофизиологиялық сипаттамалары, адамға қойылатын талаптары туралы қажетті білім көлемін игеруге бағытталған іс-шаралар жүйесі.

<https://www.instagram.com/p/DEmpxnuIwSM/?igsh=aW15MW5lMTk0bmVh>



Басқа қалалардан кәсіптік бағдар беру мақсатында оқытушылар келді, атап айтасқ:

- 3-ші санаттағы сержант Абдрахманов Арман Жапкайдарович 9-10-11 сынып оқушыларымен ҚР-ның Қорғаныс министрлігінің Щучинск қаласындағы әскери колледж бойынша ақпараттарымен бөлісті.

- Кәсіптік бағдар беру мақсатында, Щучинск қаласы, ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери колледжінен келіп 9-11 сынып оқушыларына:

1. Эскери колледжіне қабылдау шарттары;
2. ӘК қабылдау үшін құжаттарды ұсыну тәртібі;
3. ӘК мақсаттары мен міндеттері, келешектегі мүмкіндіктер туралы ақпарат берді.



https://www.instagram.com/share/_x8Ohcl05

- Астана қаласы білім басқармасы Мағжан Жұмабаев атындағы Халықаралық жоғары колледжінің оқытушылары кәсіптік бағдар беру мақсатында ақпарат берді. Бұл іс-шара оқушыларға өздерінің болашақ мамандықтарын тандау кезінде дұрыс бағыт алу үшін маңызды мүмкіндік болды. Оқытушылар колледждің білім беру бағдарламалары, мамандықтар, оқу шарттары мен мүмкіндіктері туралы кеңінен айтып, жастардың білім алу жолында дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі.



<https://www.instagram.com/share/BAJrsuF4Ro>

- Кәсіптік бағдар беру мақсатында Көкшетау қаласы Абай Мырзахметов университетінің оқытушылары білім беру мекемесіне келіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл іс-шараның мақсаты — жастарға кәсіби білім алу жолдарын көрсету, олардың тандаған мамандықтарына қатысты дұрыс шешім қабылдауға көмек көрсету. Түсіндірме жұмыстары барысында университеттің оқытушылары оқушыларға жоғары білімнің маңыздылығы мен университеттің ұсынатын түрлі мамандықтары туралы толық мәлімет берді. Олар университеттің құрылымы, білім беру бағдарламалары, қабылдау талаптары, студенттердің оқу кезінде алатын тәжірибелері мен академиялық мүмкіндіктері туралы айтып өтті. Сонымен қатар, қазіргі заманда сұранысқа ие мамандықтар жайында сөз қозғады. Шара барысында оқушылар өздерін қызықтырған

мамандықтар бойынша сұрақтар қойып, жауаптар алды. Бұл іс-шара жастарға болашақ мамандықтарын таңдау кезінде дұрыс әрі саналы шешім қабылдауға ықпал етеді. https://www.instagram.com/share/_h802RJyL

11 сынып Көсіптік бағдар беру



- Ақмола облысы білім басқармасының жаңындағы көpsалалы инновациялық колледжінің оқытушысы Битанов Алғадай Тағанұлы кәсіби бағдар беру мақсатында 9-сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Іс-шара барысында оқушыларға колледже жүргізіletін мамандықтар турали жан-жақты ақпарат беріліп, оқу орнының материалдық-техникалық базасы, оқу бағдарламалары мен студенттерге арналған мүмкіндіктер таныстырылды. Сонымен қатар, колледже тұсу тәртібі мен талаптары, оқу мерзімі және оқыту жүйесінің артықшылықтары түсіндірілді. Бұл кездесу оқушылардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауга бағыт-бағдар беріп, кәсіби өзін-өзі анықтаудың үлкен септігін тигізеді.

Көpsалалы инновациялық колледжі



<https://www.instagram.com/share/BALmTJ0eJt>

-Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің профессор-оқытушылық құрамы 10-11 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру мақсатында кездесу өткізді. Іс-шара барысында университет өкілдері оқу орнының тарихы, білім беру бағдарламалары, мамандықтар мен оқу үрдісінің ерекшеліктері турали жан-жақты мәлімет берді. Сонымен қатар, талапкерлерге арналған қабылдау шарттары, ҰБТ-ға дайындық, грантқа тұсу

мүмкіндіктері мен студенттік өмір туралы да айтылып, оқушылар көкейіндеңі
сұрақтарға жауап алды.

Ы.Алтынсарин атындағы АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



https://instagram.com/p/DJqp_zuIx5M/

9-11 сыйыптармен Атбасар ауданының военкоматынан қызметкер келіп оқушыларды Щучинск, Актобе қалаларындағы әскери білім алуға таныстыру жұмыстарын жүргізіп кетті.

-9-11 сыйыптарға Көкшетау жоғары техникалық колледжі КӘСІПТІК БАҒДАР өткізіп, колледждегі мамандықтар мен мүмкіндіктермен таныстырыды.

-«Арна» Көкшетау жоғары колледжінің оқытушылары 9 және 11-сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. <https://www.instagram.com/share/BASHwdgLQo>



Қорытынды

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткізілген іс-шаралар оқушылардың кәсіптік бағдар алуына оң ықпал етті. Әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмыстар, түлектермен кездесу, ата-аналар жиналысы және психологтың

сауалнама жүргізуі окушылардың болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауларына көмектесті.

Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жалғасады және еңбек нарығының сұранысына сай қосымша іс-шаралар ұйымдастырылады.

Барлық ақпараттар Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебінің инстаграмм желісіне салынды atbasar_8zhobbm

Кәсіптік бағдар беруші:

Базылбекова Г.Ж.